

ВАКЦИНАЦИЯЛАУ:  
ЕМБІДЕ ТҮСІНДІРМЕ  
ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



1, 4-5

МЕН НЕ ҮШІН ЕКПЕ АЛДЫМ?



3

ӨМІРІН ӨЛЕҢМЕН  
ӨРНЕКТЕГЕН МҰНАЙШЫ



7



# Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

№10 (74)  
ШІЛДЕ  
2021 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## ВАКЦИНАЦИЯЛАУ: ЕМБІДЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қолданыстағы қаулысын түсіндіру, сонымен қатар, COVID-19 індетінен сақтану бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жанынан жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамына Компания басшылығы және жауапты мамандардың кіруімен қатар, Атырау қалалық №7 емхананың дәрігерлері де енді. Коронавирус індетінің алдын кесу мақсатында құрылған жұмыс тобының мүшелері компанияға қарасты еңбек ұжымдарымен кездесті.

Кездесу жиындарына ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан, Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова, Жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің директоры Нұрсәуле Тәжмағамбетова, өндірістік басқармалар басшыла-

ры қатысты.

- Ұжыммен кездесу мақсаты - мемлекеттік санитарлық дәрігердің соңғы қаулысыны түсіндіру, мұнайшыларды толғандырған сауалдарға жауап беру. «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді вакцинациялауды ерікті түрде жүргізетінін атап өткім келеді. Сонымен қатар, компания кәсіпорын қызметкерлерінің қауіпсіздігін және өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында орталық және жергілікті санэпидемиологиялық қызметтер талаптарын мүлтіксіз орындауды жалғастырады, - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан.

Кездесу барысында індетке қарсы вакцинациялау жөйі кеңінен талқыланды.

➡➡➡➡➡➡ (Басы. Жалғасы 4-5 беттерде)



# Індетке қарсы екпе салдыру жалғасуда

Соңғы деректерге сәйкес «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының 14 мыңнан аса қызметкері немесе жалпы персонал санының 22%-ы COVID-19 індетіне қарсы вакцина алды. Соның ішінде 7 мыңнан аса қызметкері немесе жалпы санының 11%-ы вакцинаның толық курсын (екі компонентін) алып үлгерді (2021 жылғы 25 маусымдағы жағдай бойынша).

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобында коронавирус індетіне қарсы вакцина алу науқаны белсенді жүріп жатыр. Мысалы, 2021 жылдың 25 маусымындағы деректерге сүйенсек, вакцинаның бірінші компонентін алған қызметкерлер үлесі «КРІ» компаниясында 79%, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-де 63%, Шымкент мұнай өңдеу зауытында 53%-ға жетті. Бұл көрсеткіш «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС-де 47%, «ҚазТрансОйл» АҚ-да 40%, «Қазгермұнай» БК» ЖШС-де 51%-ды құрап отыр.

Компанияда екі компоненттің әрқайсысын алған кезде ақылы екі демалыс күні (жұмыс күндеріне сәйкес келсе) берілетінін атап өткен жөн. Бұдан бөлек, вакцинаның екі компонентін де салдырған қызметкерлер ПТР-тестін тапсырмай-ақ, кен орындарына кедергісіз кіре береді.

Індетке қарсы екпе алу мәселесі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма



төрағасы Алик Айдарбаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиналыста да талқыланды.

КМГ басшысы бірқатар кәсіпорында, оның ішінде мұнай

өндіру және мұнай сервистік компанияларында вакциналау қарқыны төмен екенін баса айтты. Осы орайда Алик Айдарбаев еңбек ұжымдары арасында ақпараттық



(Суреттер «ЕмбімұнайГаз» АҚ мұрағатынан)

түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

«Еліміздегі эпидемиологиялық ахуал әлі де күрделі екенін көріп отырмыз. Қосымша шектеу шаралары енгізіліп жатыр. Пандемияны жеңудің әзірге жалғыз жолы – вакцина салдыру. Баршаңызды өзіңізді және жақындарыңызды амандығын ойлап, азаматтық ұстаным танытуларыңызды сұраймын», – деді А.Айдарбаев.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жұқпалы аурудың өндіріс ошақтарында таралуын болдырмау үшін ауқымды жұмыс жасап,

дер кезінде айрықша шаралар қабылдағанын атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта КМГ кәсіпорындарында вакцина алу үшін барлық жағдай жасалған: орталық кеңселерде, кен орындарындағы арнайы жерлерде және тұрғылықты мекенжайы бойынша медициналық орталықтарда вакцина салу орындары ұйымдастырылған.

Мұнайшылар өз қалауымен отандық QazVac, қытайдың Huat-Vax немесе ресейлік Спутник-V експесін таңдай алады.

«Мұнайлы мекен» газеті

## COVID-19: Атыраудағы ахуал

824 тұрғын коронавирустық инфекцияға қарсы ем қабылдауда деп хабарлайды Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

## АТЫРАУДА БІР ТӘУЛІКТЕ 320 АДАМ COVID-19 ЖҰҚТЫРДЫ



Соңғы тәулікте Атырау қаласында Covid-19 жұқтырудың 215 жағдайы тіркелді. Теңіз кен орнында скрининг нәтижесінде 16 адам анықталды.

Сондай-ақ, Жылыой ауданында - 29, Индерде - 18, Исатайда - 15, Махамбет ауданында - 11, Мақатта - 2, Құрманғазыда - 5,

Қызылқоғанда - 9 адам анықталды.

Коронавирустық инфекциясы бар 219 науқаста ауру тиісті белгілермен өтуде.

Өткен тәулікте облыста коронавирустан 98 адам емделіп шықты.

Қазір 1282 адам үй жағдайында, модульдік ауруханада 194, №2 облыстық ауруханада -172, фтизиопульмонологиялық орталықта - 91, кардиоорталықта - 109, аудандық инфекциялық стационарларда – 184 адам ем алууда. Теңіз кен орнындағы инфекциялық стационарда 74 адам емделуде.

Айта кетейік, инфекцияның таралуы бойынша Атырау облысы "қызыл" аймақта.

## Облыста 55 науқастың жағдайы ауыр

Бүгінгі таңда инфекциялық стационарларда 824 адам ем қабылдауда.

Жүктеме 33,9% құрайды (2428 төсек-орынға). Реанимация бөлімшелерінде 55 пациент жатыр, олардың алтауы өкпені жасанды желдету аппараттарына қосылған. Жүктеме 50,9% (108 орынға) құрайды.

Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.  
(14.07.2021 ж. жағдай бойынша)

## В КМГ МОЛОДЫМ ВЕЗДЕ ДОРОГА

«ҚазМұнайГаз» поддерживает развитие талантливой молодежи страны в рамках объявленной АО «ФНБ «Самрук-Қазына» Программы «Жас Өркен», участники которой получают возможность пройти длительные оплачиваемые стажировки поочередно в разных портфельных компаниях Фонда.



Команда цифровой трансформации КМГ, которая, уже исходя из самого названия, находится в авангарде всего нового и перспективного приняла двух специалистов «Жас Өркен» – Дану Абельбасову и Рустам Асранкулова.

Дана – выпускница Оренбургского государственного университета. Для нее «ҚазМұнайГаз» стал первой компанией для стажировки. Сейчас девушка проходит ротацию в блоке инноваций АО «Казактелеком».

В КМГ Дана активно включилась в реализацию проекта «Управление поездками» в АО «Эмбамұнайгаз». При ее участии для работников ЭМГ в Атырау организована презентация возможностей автоматизированной системы дистанционного контроля за служебным транспортом и спецтехникой. Во многом именно благодаря креативности и «свежему» взгляду молодого стажера производственники Эмбы поддержали эту инициативу цифровой трансформации. Также Дана предложила несколько нововведений в системе «Управление поездками». Например, с ее подачи разработаны функциональность и дизайн дэшборда в офисе ЭМГ, на котором отображаются местонахождение автотранспорта в реальном времени и другие данные.

Рустам окончил магистратуру Казанского федерального университета Института геологии и нефтегазовых технологий. Ранее в рамках ротации он поработал в АО «НГК «Тау-Кен Самрук». Рустаму доверена экспертиза цифровых продуктов, планируемых к применению в группе «ҚазМұнайГаз». В частности, в рамках масштабного проекта «Разработка информационной системы АВАІ» он принят в команду, занимающуюся созданием и внедрением модуля «Геология», под руководством опытных специалистов ТОО «КМГ Инжиниринг».

По словам жасоркеновцев, опыт, полученный в национальной нефтегазовой компании, не оценим с точки зрения будущих стажировок по программе и дальнейшего трудоустройства на постоянной основе.

Всего в 2020-2021 году в «ҚазМұнайГазе» и дочерних компаниях в рамках программы «Жас Өркен» прошли или проходят ротацию более 30 молодых специалистов, 10 из них трудоустроены.

Максим ШИМАНСКИЙ





Коронавирус індетіне қарсы вакцина салдыру елімізде осы жылдың 1 ақпанынан басталды. Ембі өңірінде де вакцина алу жұмыстары қолға алынып жатыр. Ұжымдық иммунитет қалыптасқанда ғана індеттің алдын алатынымызды ғалымдар, дәрігерлер жан-жақты түсіндіруде. Алайда, мәселе оны қалай қабылдауымызда ғой. Бұл орайда, екпеге қатысты қайнарлық мұнайшылардың пікірін білген едік.

**Қайнар Қоданов, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы:**



**... ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫМ МЕН ҰЖЫМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН**

Біздің денсаулығымыз — өз қолымызда. Адамның ең басты байлығы — денсаулығы, өмірі. 2020 жылғы шілде айында көпшілігіміздің осы дертке шалдыққанымызды неге ұмытамыз? Ортамызды ойсыратып тұрып, жақындарымызды алып кеткен жоқ па бұл індет. Инфекция ылаңынан бүгінгі таңда екпе салдыру арқылы құтыламыз деп ойлаймын. Вакцина алудың қауіпті емес екеніне көзім жеткен соң мен ресейлік «Спутник V» екпесін алдым. Вакцинаны, біріншіден, өз денсаулығымды ойлағандықтан, екіншіден, жұмыс барысында кабинетіме келетін әріптестерімді қорғау үшін салдырдым. Екпеден соң ешқандай кері әсерді байқамадым. Дәрігерлер үш тәулік ішінде дене қызуы көтерілуі, инъекцияның орны қызаруы, ісінуі мүмкін екенін ескерткен еді. Оның бірі де болмады. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Енді жиырма бір күнге толған соң,

екінші компонентпен екпе салдырамын. Өз денсаулығы мен болашағы үшін алаңдайтын әр жанға вакцина салдыруға кеңес беремін.

**Жангелді Масселем, зерттеу жұмыстары цехының ұңғыларды зерттеу операторы:**



**... ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ОРАЛУЫМЫЗ ҮШІН**

Жұртшылық арасында вакцина туралы әр түрлі пікірлердің болуын ақпараттық насихаттың өз деңгейінде жүргізілмеуінен шығар деп ойлаймын. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан құрылған жұмыс тобының өндіріс алаңдарындағы кездесуі өте өзекті болды. Көкейімізде жүрген сауалдарға Атырау қаласындағы №7 емханның бас дәрігері Гүлнафис Танбаева өте қарапайым тілмен, бәрімізге түсінікті деңгейде жан-жақты баяндады. Мен осы кездесуден кейін бірден вакцина алдым. Вакцинадан басқа сақтану жолын әзірге көріп тұрған жоқпын. Жаппай екпе алу арқылы ғана қалыпты өмірге ораламыз.

**Жеміс Құмарғалиева, мұнай дайындау және айлау операторы:**

**... ВИРУССЫЗ БОЛАШАҚ ҮШІН**

Әлеуметтік желілерде негізсіз тараған ақпараттарға көпшілігіміз сенеміз.

# Мен не үшін екпе алдым?



Ақпаратты таратушының кім екеніне, оның пікірінің шынайылығына зер салмайтындар арамызда баршылық. Адам өз денсаулығын сақтау үшін, вакцинаның қауіпсіздігіне сеніммен қарау керек. Мен өзімнің денсаулығым үшін, ағайын-тумама, отбасыма, ұжымдастарыма қауіп төндірмес үшін вакцина алдым. Вакцина - әлемді қорқыныш құрсауына алған індеттен құтылуға жол ашатын бірден-бір тиімді жол деп есептеймін.

**Райымбек Самаев, слесарь:**



**... ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ДЕРТТЕН САҚтану ҮШІН**

Мен вакцина алдым. Себебі, былтырғы жаз айындағы оқиғаның қайталанғанын қаламаймын. Бәріміз де ауырып тұрдық. Өмірден өтіп кеткендер де болды. Мен инфекциялық дерттен сақтану үшін вакцина

алдым. Вакцина салдырғаннан кейін адамның ауруы мүмкін, тек ол жеңіл түрде өтетінін маған екпе салған медицина маманы жақсылап түсіндірді. Екпені қабылдау, оның қалай өтетіні әркімнің өз иммунитетіне байланысты ғой. Мен вакцина алсам да алдағы уақытта сақтық шараларын ұмытпай есте ұстаймын.

**Абат Муликов, слесарь:**



**... ВАХТАНЫҢ ҰЗАРҒАНЫН ҚАЛАМАҒАНЫМ ҮШІН**

Коронавирус дерті міне, осымен екінші жыл ортамызда жүр. Былтыр өндірістегі ауыр жағдайды ұмыта алар емеспін. Бәріміз де карантиндік оқшаулауға түстік. Айлап үйімізді, отбасымызды көрмедік. Вахта мерзімі ұзарды. Бәрі де біздің сақтығымыз, денсаулығымыз үшін жасалып жатқанын жақсы түсіндік. Бұл жағдайдың қайталанғанын қаламаймын. Өткен жылы дәрі таба алмай қиналғанымызды неге ұмытамыз?! Сонда бұл ауруға қарсы ем түрі жоқ па, неге зерттеп шығармаса деп едік. Міне, арнайы зертханаларда, ғылыми институттарда жан-жақты зерттелген вакцина келді. Бірнеше түрі бар. Алайда, мақсаты ортақ, барынша адам баласын пандемиядан сақтау. Мен вакцинаға сеніммен қарап, екпе алдым. Былтырғы жылғы жаз мезгіліндегі қорқыныш сезімнің болғанын қаламаймын. Өзім үшін, жанұямдағы туыстарымның да сақтығы үшін вакцина алдым.

kazinform  
CORONAVIRUS2020.KZ

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН ВАКЦИНАЛАР ҚАУІПСІЗ БЕ?

Бүкіл әлемдегі зертханалар вакциналардың сапасына қызығушылық танытады.

Мемлекеттер вакциналарды әзірлеуге қомақты қаржы салуда.

Әлем бойынша жүздеген зертхананың ішінде тек санаулылары ғана вакцина өндіріп шығаруға рұқсат алды.

Вакциналарды сынақтан өткізгеннен кейін ауыр асқынулар анықталған жоқ.

Вакциналаудан кейінгі асқынуларға бүкіл әлем жіті назар аударуда.

Вакциналарда ауру тудыруға қабілетсіз өлі вирустың фрагменттері пайдаланылады.

@coronavirus2020\_kz

## КОРОНАВИРУС - ОНЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУ БОЛЫП ОТЫРҒАН ТАРИХТАҒЫ АЛҒАШ ІНДЕТ ЕМЕС

20 ғасырда вакцина алғанға дейін **300 миллионнан** астам адам шешектен қайтыс болды

1994 жылдан бастап полиомиелитке қарсы вакцина егіле бастаған соң **АҚШ, Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия "ата-аналардың қасіреті"** деп аталып кеткен аурудан құтылды

Вакцина ойлап табылғанға дейін қызылша жылына орта есеппен **2 млн 600 мың адамның** өмірін қиятын

Соңғы жылдары АҚШ пен Еуропада қызылшамен ауыру көрсеткіші қайта артып отыр, оған себеп - әлеуметтік желілерде кеңінен тараған "вакцинаға қарсы" адамдардың пікірі

### COVID-19-ға қарсы вакцина алыңыз! Жақындарыңызға жанашыр болыңыз!

kazinform CORONA VIRUS2020KZ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының (МГӨБ) Шығыс Мақат кен алаңындағы, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның Прорва кен алаңындағы, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кен алаңы мен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Жамансор мен Кенбай кеніштеріндегі кездесу барысында мұнайшылар өздерін алаңдатқан мәселелерді ортаға салды.

Пікір алмасу форматында өткен жиында мұнайшылардың көкейлерінде жүрген сауалдарға жұмыс беруші тарапы да, дәрігерлер де жан-жақты жауаптарын берді. Екі жақты кездесу барысында жиі кездескен сауалдарға тоқталуды жөн санадық. Себебі, бұл сұрақтар – көптеген мұнайшыны толғандырған мәселелер.

**1. Вакцина алғаннан соң болатын жағымсыз реакциялар немесе екпеден кейін қандай асқынулар болады?**

**Жауап:** Вакцинаның адам ағзасына қалай әсер етері әркімнің иммунитетіне байланысты. Иммунитеті жоғары адам вакцинаны жеңіл қабылдайды, жағымсыз әсерлер болмайды. Вакцинаны қабылдағаннан соң кездесуі мүмкін жағдайлар, дене температурасы көтерілуі мүмкін, адам қалтырап тонады.



## ВАКЦИНАЦИЯЛАУ:



Екпе салған жер ауырсынып, ісуі мүмкін. Бірақ, бұлар – уақытша көріністер. Бұл көріністердің болмауы да мүмкін. Қайталап айтамыз, бұл әркімнің иммунитетіне байланысты.

**2. Коронавирускқа қарсы вакцинацияның екі компонентін алғаннан кейін берілетін паспорт қандай қосымша мүмкіндіктер ашады?**

**Жауап:** Вакцинаның екі компонентін алғаннан кейін сізге 1414 –тен вакцинациялауды табысты аяқтағаныңыз туралы хабарлама келеді.

Электрондық паспорт - бұл вакцинацияның медициналық тарихы. Сондай-ақ, вакцинациядан кейінгі кезеңдегі бақылау туралы сіздің үш тілдегі (қазақша, орысша, ағылшын) ақпаратыңыз eGov Mobile мобильдік қосымшасында да қолжетімді.

Қандай мүмкіндіктер дейтін болсақ, 1-ден вакцинаның екі компонентін алған адам ПТР тест жасамай-ақ жұмысында жүре береді. Вакцина паспорты бар адам еңбек демалысы немесе денсаулық жағдайына байланысты демалыста болса ПТР тест тапсырмай еркін жүріп-тұра алады. Сондай-ақ, вакцинаның

толық курсын алған адам вирус жұқтырған адаммен жақын байланыста болған жағдайда, егер симптом болмаса, карантинде отырмайды.

**3. Қазақстанда балаларға коронавирускқа қарсы вакцина жүргізіледі ме?**

**Жауап:** Вакцина 18 жасқа дейінгі балаларға ұсынылмайды, себебі, вакцинаны осы жас тобында қолдану әлі зерттелген жоқ. Вакцинаны тек кәметке толған азаматтар ғана ала алады.

**4. Елімізде қандай вакциналар қолданылуа?**

**Жауап:** 2021 жылдың ақпан айынан бастап ҚР-да вакцинациялау шарасы Ресейде шығарылған «Спутник V» вакцинасымен басталды. Қазіргі уақытта отандық өндіріс - QazCovid-In, Hayat-Vax (Біріккен Араб Әмірліктерінің тауары) вакциналары бар. Екпе аламын деген адамдар осылардың ішінен өз таңдауы бойынша алуына болады.

**5. Вакцинадан кейін аллергиялық реакция болуы мүмкін бе?**

**Жауап:** Вакцина алар кезде сіз дәрігерлік тексеруден өтесіз. Дәрігер сізде аллергияның бар-жоғын нақтылайды. Сонымен қатар, аллергиялық реакцияны болжау мүмкін емес, өйткені, әр организм өзінше бөлек. Уақытылы әрекет ету үшін вакцинациядан кейінгі алғашқы 30 минутта адам медициналық бақылауда болуы керек. Сол кезеңде аллергияның бар-жоғы анықталады. Сол себепті де, вакцина алған адам 30 минут бойы мамандардың бақылауында болады.

**6. Неліктен вакцинаны екі кезеңде алу керек?**

**Жауап:** Қолданыстағы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарымен Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес әр вакцинаның интервалы екі кезеңмен енгізіледі. Бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқа қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншісінің әсерін күшейтеді және бекітеді, адам ағзасындағы антиденелер саны артады.

**8. Ресейлік «Спутник V» вакцинасына қызығушылық танытып жатқан өзге елдер бар ма?**

**Жауап:** Бүгінгі таңда жүргізілген статистикалық мәліметтерге жүгінсек, Ресей Федерациясының вакцинасына әлемдегі 60-тан астам мемлекет осы вакцинаны сатып алуға өтініш берген, ал, кейбір елдер (Беларусь, Аргентина, Сербия) қазірдің өзінде осы







## ЕМБІДЕ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



вакцинаны қолдануда.

**9. Интернетте вакцинация арқылы халықты жаппай чиптеу туралы ақпараттар таралуда. Бұл қаншалықты шындыққа келеді?**

**Жауап:** Жалған ақпарат. Қазақстан Республикасында бірде-бір вакцинация адамдарды чиптеуді көздемейді. Екпе алу алдында әр адам вакцинаның құрамы туралы ақпарат берілген нұсқаулықпен танысуға құқылы.

**10. Неліктен коронавирустық вакцина осыншалық тез жасалды? Күмәнді емес пе?**

**Жауап:** Адамзат тарихында коронавирустардың бірнеше түрі болған. Тарихтан белгілі ғалымдар бірнеше жылдар қатарынан вирустарды зерттеп келеді. COVID-19 вирусы коронавирустар тобына жататынын ұмытпайық. Яғни, ғалымдардың коронавирустың белгілері, табиғаты, оның алдын кесу туралы мәліметтері бұрыннан бар. Сол кезден жиналған ғылыми деректердің арқасында COVID-19 пандемиясына керек вакцина ойлап табылды. Ғалымдар зерттеу жасап жатқанда, вакцина өндірушілер оны шығаруға дайындалды. Мұның бәрі вакцинаның ерте өндіріске шығуына мүмкіндік берді. Мәліметке жүгінсек, вакцина жасауға әлемнің 200-ден астам зертханасы кірісіп, 100-ге жуық екпені тексерген.

**11. Вакцинаның бірінші компонентін алған адам екіншісін алған мерзімге дейін COVID-19 вирусын жұқтыруы мүмкін бе?**

**Жауап:** Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мамандары бірінші вакцинациядан кейін екпенің екінші кезеңіне дейін адамдармен байланысты азайту және барлық алдын-алу шараларын сақтау қажет екенін ескертеді. Иммуитет біртіндеп дамиды,

сондықтан, осы кезеңдер арасында адам қорғалмаған, осал болады. Сақтық шаралары талапқа сай сақталмаса, адам коронавируспен ауыруы мүмкін.

**12. Босануды жоспарлап жүрген әйелдерге вакцина алуға бола ма?**

**Жауап:** Егер жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз, онда аяғыңыз ауырлағанға дейін вакцина салдырып алғаныңыз жөн. Сол арқылы денсаулығыңызды қорғай аласыз. Жүктілік кезінде өкпе қабынуы қосылатын болса, онда бұл жайт денсаулыққа үлкен проблема туындатуы мүмкін. Сондықтан, вакцина алу қажет.

Вакцинация – ауырып қалмаудың, аурудың асқынып кетуіне жол бермеудің бірден-бір жолы. Вакцина алғаннан кейін 2 айдан соң жүкті болу жасындағы қыз-келіншектер бала көтеруіне болады. Алдын-ала жоспарлау арқылы дүниеге дені сау ұрпақ әкеле аласыз.

**13. Қант диабетімен ауыратын науқастарға екпе алуға бола ма?**

**Жауап:** Еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінің қолданыстағы бұйрықтарына сәйкес, бұл диагнозбен ауыратын науқастарға вакцина алуға болады. Тек вакцина алар мерзімі осы аурудың өршу кезеңімен тұспа-тұс келмеуі керек. Қант диабетімен ауыратын болсаңыз, сіз үнемі дәрігердің қарауындасыз ғой. Вакцина алар кезде өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіздің келісінмін алыңыз. Дәрігердің тексеруінен кейін, бұл дерт асқынып тұрмағанына көз жеткізгеннен соң, екпе алуға болады.

**14. Вакцинаның екі компонентін алғаннан кейін ауырып қалуым мүмкін бе?**

**Жауап:** Ауырып қалу мүмкіндігі бар, бірақ, екпе алған адамда бұл індет жеңіл түрде

өтетіні дәлелденген.

**15. Вакцина алғанда ұжымдық имунитет қалыптасады жиі естиміз. Ұжымдық имунитет дегеніміз не?**

**Жауап:** Ұжымдық имунитет – бұл халықтың көпшілігі вирустан қорғалған болып вакциналаудың шекті деңгейіне жетуі. Оған қол жеткізу үшін вакцинамен халықтың кем дегенде 60 пайызы қамтылуы қажет. Бұл қоғамдағы вирус айналымының жалпы үлесін азайтады және вакцинацияланбайтын әлсіз топтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

**16. «Ashyq» жобаның халыққа пайдасы қандай?**

**Жауап:** Ең бастысы, бұл жоба сіз бен біздің қауіпсіздігімізді сақтайды. Бүгінде кез келген формада (ауру белгілері бар не белгілері жоқ) COVID-19 індетімен ауырғандар қолхат беріп, үйде боламын, карантиндік оқшаулауды толық сақтаймын деп өзіне міндеттеме алады. Алайда, қолхаттың талабын сақтамай, көп жағдайда өзін-өзі оқшалау режимі бұзылып

жатады. Ауырып қалған немесе науқас адаммен байланыста болған адамдар қоғамдық орындарға барады, коронавирустың таралуына себепші болады. «Ashyq» қосымшасы осындай келушілерді анықтауға және басқа келушілердің қауіпсіздігін сақтауға арналған.

**17. Қазір біздің елде қолданыста жүрген вакциналар үнді штамына қарсы тұра ала ма?**

**Жауап:** Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының мәліметінше, екпелердің барлығы – үнді штамына қарсы тұра алатын ең тиімді әдіс. Бүгінде үнді штамынан сақтану үшін вакцинаның толық курсы қабылдау қажет. Қайталап айтамыз, вакцина салдырған адам вирустық инфекцияны жұқтырған жағдайда, дерт жеңіл өтеді. Қайғылы оқиғадан сақтайды.

**Ескертпе:** Кездесу барысында мұнайшылардың дәрігерге қойған сұрақтары мен жауаптары қысқартылып алынды.

**PS. Түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде COVID-19 вакцинасын алған жұмысшылар саны екі есе – 8-ден 16%-ға дейін өсті. Вакцина алған 796 қызметкердің 403-і екінші компонентпен егіліп, вакцинация паспортын алды. Екпе алғандардың 50 пайызға жуығы – басқару аппаратының қызметкерлері. Қызметкерлерінің 29%-ы егілген ӨТҚЖЖК басқармасының, сондай-ақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мен «Ембімұнайэнерго» басқармасының жұмысшылары да өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарайтынын көрсетіп отыр. Түсіндірме жұмыстарының нәтижесінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ және «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да вакциналау қарқыны өсуде.**



## МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚОНЫСТОЙ



Елорда күні және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Мақат ауданы әкімдігінің ұсынысымен «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайшыларының өз еркімен көрсеткен қаржылай көмегінің нәтижесінде Доссор кентінің тұрғыны Айнұр Әсетованың отбасы баспаналы болды. Аз қамтылған отбасына 2 бөлмелі пәтердің кілтін «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығы, Мақат аудандық мәслихат депутаты Серік Әбдиев табыс етті.

Біраз жылдан бері үй жалдап, тұрмыс тауқыметін тартып келетін бұл отбасы «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының қабылдау бөлмесіне келіп көмек сұраған болатын. Тұрақты жұмысының болмауына байланысты соңғы уақытта жалдап жүрген үйінің ақысын төлеу қиындық тудырған. Қазіргі уақытта бұл отбасыға түсетін табыс көзі жоқ. Ал, мемлекеттен жәрдемақы алу үшін, тұрғылықты тіркелген мекен-жайының болмауы кедергі. Өтініш иесінің мәселесін егжей-тегжейлі тыңдап, толыққанды зерделеген аудандық мәслихат депутаты Серік Әбдиев өз әріптестері «Доссормұнайгаз» бастауыш партия ұйымымен бірігіп бұл отбасыға баспана бақытын сыйлады.

- Елорда күні мерекесіне орай бір отбасыға пәтер кілтін табыстап жатырмыз. Іші бақытқа толы болсын дейміз. Біріншіден, әрине өз әріптестеріме, мұнайшылар қауымына өз алғысымды білдіремін.

«Ембімұнайгаз» АҚ дәстүрлі түрде әр жыл сайын қайырымдылық шарасын өткізеді. Алдығы уақытта да дәстүрлі істеріміз жалғасады деген сенімдемін,- деді «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Серік ӘБДИЕВ.

Қоныстой иелері мұндай тосын сыйды күтпесе керек, атымтай жомарт мұнайшыларға дән риза.

- Біз бүгін баспаналы болып жатырмыз, алғысым шексіз. Ел ағаларына, мұнайшыларға өзіміздің ризашылығымызды білдіреміз - деді Айнұр ӘСЕТОВА қуаныштан көзіне жас алып.

Айта кетейік, ембілік мұнайшылар аз қамтылған отбасыларына қолдау көрсетуді дәстүрге айналдырған.

2019 жылы ембілік қызметкерлер бір күндік жалақысы есебінен Атырау облысының 5 ауданындағы көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған 8 отбасыға үй сыйға тартқан еді.



Биыл барша мұсылмандардың ұлық мерекесі – Құрбан айт шілде айының 20-22-сі күндері атап өтілетіні туралы газетіміздің өткен санында хабарлаған болатынбыз. Карантиндік талаптарға сәйкес жуырда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсіміне қатысты төмендегі түсіндірмені ұсынды.

Пандемия жағдайына байланысты биыл екінші жыл қатарынан Құрбан айт мерекесі ерекше жағдайда өткелі отыр. Құрбан шалу рәсімін өткізу 2 жолмен жүзеге асырылмақ. Оның біріншісі - мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып құрбан шалу рәсімін офлайн режимде, яғни, дәстүрлі жолмен ұйымдастыру. Сондай-ақ, қалалық жерлер тұрғындары үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы [www.qurban2021.kz](http://www.qurban2021.kz) сайты арқылы

## ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ: ПАНДЕМИЯҒА ОРАЙ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ?

«Құрбан2021» қосымшасының қызметін ұсынуға. Құрбан шалу рәсімін шарияттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес жүзеге асатын бұл тәжірибе өткен жылы да қолданғанын айта кеткен жөн.

- Яғни, санитарлық талаптарды сақтау, аурудың күшеюінің алдын алу мақсатында қала тұрғындары құрбандықты онлайн жағдайда шала алады. Қажетті фото, видео есептер құрбан шалушыға жіберіледі. Ал, ауылдық елді мекендер үшін әркімнің өз шаңырағында құрбан шалуына мүмкіндігі бар. Мешіттеріміз халық көп жиналатын осындай кезеңде күшейтілген санитарлық режим жағдайында жұмыс істеуі тиіс. Және онлайн құрбандық шалу үрдісіне жауапты мамандар тізімі нақтыланып, міндеттері түсіндірілуі қажет, - деп атап өтті қасиетті Құрбан айт мерекесіне дайындық, құрбан шалу мәселесі, мешіттердегі санитарлық талап жағдайы талқыланған жиында Атырау облысының Бас имамы Алтынбек Ұтысханұлы.



**ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ!**  
БҰЛ КҮНІ ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ САҒАБЫ МОЛ!

**I. ҚҰРБАН ШАЛАТЫН АДАМҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:**

-  қасапханаға міндетті түрде бетперде тағып кіруі;
-  антисептик заттарын барынша пайдалануы;
-  арақашықтықты қатаң сақтауы, бір-бірімен қол алыспауы;
-  дене қызуы 37 градустан жоғары, сондай-ақ тұмау және басқа да ауру белгілері бар адамдарға келмеуі;
-  жасы 65-тен асқан қариялардың, балалар мен әйел кісілердің құрбан шалатын орынға бармауы сұралады.

[WWW.QURBAN2021.KZ](http://WWW.QURBAN2021.KZ)



Аталған жоба санитарлық талаптарды сақтай отырып, халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауды, құрбан шалуға ниет білдірген жандарға карантин жағдайында

онтайлы жол ұсынуды көздейді. Сонымен қатар жоба мақсаты – көмекке аса зәру азаматтарды қолдап, оларға ұлық мейрамда қуаныш сыйлау, аз да болса, қайғы-

мұңын сейілту. Құрбандық шалудың негізгі мәні де – осы.

Шариғат бойынша адам өзінің атынан басқа кісіні белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені, адам баласы кейбір жағдайда бір істі орындауға мүмкіндігі болмай қалады. Осы кезде біреудің көмегіне жүгінеді, яғни, сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді.

Сайт арқылы тапсырыс қабылдап, құрбандық етін көмекке зәру жандарға тарату тәжірибесі Сауда Арабиясы, Түркия, Малайзия, Индонезия, Біріккен Араб Әмірліктері сынды бірқатар мұсылман мемлекеттерінде бұрыннан қалыптасқан жүйе. Бұл жыл сайын игі дәстүрге айналған.

Республика бойынша мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін [www.qurban2021.kz](http://www.qurban2021.kz) сайты арқылы биыл 20 шілде күні айт намазынан кейін өтініш білдіре алады. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жергілікті өкілдіктері айналысады.

Шалған құрбандығыңыз, берген садақаларыңыз қабыл болсын!

(Мәліметтер ҚМДБ ресми сайтынан алынды)



ҚҰРМЕТ

# МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ ҰҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН АСПАЗШЫ

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Терең-Өзек цехы мұнайшылар асханасының бас аспазшысы Айзада Омарғалиева зейнеткерлік демалысқа шықты.

«Ас – адамның арқауы» дегендей, дұрыс тамақтану – деннің саулығы. Бұл орайда, біздің аспазшымыз Айзада Омарғалиеваға алғысымыз шексіз.

Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Аспаз деген өте жоғары қабілеттілікті қажет ететін сан қырлы мамандық десек, қателеспеспіз. Бұл мамандықтың қиындығы сонда, аспаздықты тек қана оқу арқылы игеріп кете алмайсыз, оған адамның бойында осы керемет мамандыққа деген бейімділіктің болуы аса қажет.

Біздің аспазшы Айзада алдына келген мұнайшыларға дәмді тамағын – ас-ауқатын ұсынып келді. Ала таңмен жарыса оянып, мұнайшыларды жылы күлкісімен, мейірімді жүрегімен, дәмді тағамымен қарсы алатын аспазшымыздың еңбегі зор. Еңбектің еленгені сол емес пе, оның әр күні алғысқа толы болды.



Мұнайшылардың ыстық ұқыласына бөлене білген аспазшымыз Айзада Омарғалиеваны құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтап, зор денсаулық, отбасы амандығын тілейміз.

Құрметпен, Терең-Өзек кен алаңының ұжымы

МАМАН МІНБЕРІ

## МАМАНДЫҒЫҢНЫҢ ШЕБЕРІ БОЛУ - МІНДЕТІҢ

Мамандық таңдау – қиын іс. Мамандық таңдаудан қателессеңіз, өмір бойы жаныңыз қаламайтын іспен айналысуға тура келеді. Ал, ұнатпай істеген шаруада берекет болмайды. Еңбек етуің тек өзің үшін ғана қажет емес, айналаңа да пайдаңды тигізуге міндеттісің. Өзінің бейімділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы өнімді әрі берекелі болмақ. Мен бұл түйінге 31 жылға тарта еңбек өтілімнен кейін келдім.



Кәсібім өзіме ұнайды. Жылыой өңіріндегі іргелі мекеме – «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында қарапайым жөндеуші болып еңбек етемін.

Басшы болу, жұртты басқару – кез-келгеннің қолынан келе

барлығы мамандықты, болмысына жақын кәсіпті дұрыс таңдай білгенде жатқан жоқ па?!

Мен еңбек ететін Өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехында қызмет жасап жатқан әріптестерімді де

бермес (басшылық ету мен үшін мақсат та емес). Әркім өзінің қолынан жақсы келетін іспен айналысуы керек. Менің қолымнан темірді жону, оны өзім қалағандай етіп жөндеу жақсы келеді. 31 жыл бойы темір жонып келемін. Міндетім – өндірістен келген сораптарды дер кезінде жөндеп, кері іске қосу. Өндірістің үздіксіз жұмыс істеуінде, сол арқылы өнім өндіру жоспарын көрсеткішке сай орындауда темір жонушы ретінде менің де үлесім бар екенін есіме алсам, бойымды қуаныш кернейді. Осының

«өз кәсібінің шеберлері» дер едім. Бәрі де ауыртпалықтан қашпайды. Қолдап жұмыс жасаймыз, алдымызға ақауы табылып келген әрбір құрал-сайманның тетігін таба білетін мамандармыз. Ондай мамандар қандай жылы сөзге болмасын лайық қой.

Өндіріс – елдіміздің дамуындағы басты тетіктің бірі десек, сол тетіктің бір бұрышында ембіліктер де бар. Әрине, қуана айтатын жәйт.

Ынтамен істелген жұмыс қана нәтижелі болмақ. Яғни, мамандығыңыз сүйікті ісіңізге айналуы қажет. Бұл ойымды өндіріске жаңа келіп жатқан жас мамандарға бағыштап отырымын. Күнделікті жұмысқа тек ақша табу мақсатымен келмеу керек. «Қайткенде мен өзіме тапсырылған міндетті сапалы орындаймын, бүгінгі еңбек күнін табысты өткізейін» деген маман – өз кәсібінің нағыз шебері. Ал, мамандықтың майталманы бола білу-өз қолымызда.

Асхат Байтақов,  
«Жылыоймұнайгаз»  
МГӨБ өндірістік құралдарды  
жөндеу және пайдалану  
цехының жөндеушісі

ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫЛАР

Аққу құсым, көгімдегі жырақтама,  
Жауап таппай қиналдым ба сұрақтарға?  
Еріксізден қалам алдым мен қолыма,  
Өткен шақтың қоржынынан сыр ақтара...

Бүгінде әріптесіміз, «Кайнарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Б.Жоламанов кен орнының 5-дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы Жұмабай АМАНОВТЫҢ өлеңдерін ғаламторда жиі кездестіруге болады. Өлеңдерінен дайындалған бейнероликтер де бізге жиі келіп жатады. Әсіресе, философиялық, лирикалық бағытта қалам тербейтін ақын

## ӨМІРІН ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕГЕН МҰНАЙШЫ

мұнайшымен біз де әңгімелестік.

Әріптесіміздің кіндік қаны талай мықты тұлғаларды дүниеге әкелген қасиетті Қызылқоға топырағында тамған. Мұқыр ауылындағы аттас мектепте оқып жүріп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін сүйетін ол көркем әдебиеттен де қол үзбей, әсіресе, Б.Соқпақбаевтың шығармаларын іздеп жүріп оқитын. Міне, жастайынан шығармашылыққа жақын бала Жұмабай ер жетіп, құрылысшы, кейін мұнайшы мамандықтарын тандаса да, өмір-өзен оны шығармашылыққа жетелеп алып келді. Бүгінде Жұмабай Исатайұлы – 40-қа жуық өлеңнің авторы. «Мұнайшылық кәсіппен шығармашылықты қатар алып жүру қаншалық қиын?» деген сауалымызға кейіпкеріміз: «Еш қиынға соқпайды, өлеңді жұмыстан бос кезде жазамын», - деп жауап берді.

Байқағанымыздай, Жұмабай Исатайұлы өзі туралы көп мақтануға жок.

- Өлең жазып жүргеніме 2 жылдай ғана уақыт болады. Бұған дейін келген ойды шимайлап жазып, үйлеспегендіктен, кетіріп тастайтынмын. Кейін ұйқастар құрылып, өзіме ұнайтын өлеңдер шыға бастады. Жүректен шабыт келіп, құлшыныс пайда болғанда, қолыма қалам мен қағаз аламын. Өзімді мықты ақын санамаймын. Қазірде тек хобби ретінде қарап жүрмін, - дейді ол бізбен әңгімесінде.

Кейіпкеріміздің ең алғашқы шығарған өлеңі туған жеріне арналған. Одан кейін жастық шағын, өмірлік ұстанымын, достарын өз өлеңдеріне арқау еткен. Әріптесіміздің айтуынша, болған оқиға желісінде белгілі бір адамға, арнап шығарған өлеңдері тез туындайды. Сондықтан шығар, достарына арнап шығарған әзіл өлеңдері де баршылық. Ал, түрлі сезімге толы өлеңдер әдетте 1-2 күнді қажет етеді. Айта кету керек, оның өлеңдерінің басым бөлігі астарлы мәтінмен жазылған.

Жұмабай Аманов Ембі өндірісіндегі еңбек жолын 1996 жылдары Эмбанефть тресіне қарайтын СМУ- 2 мекемесінде құрылысшы болып бастады. Кейін Мақат өңірінде еңбегін жалғастырып, одан соң «Кайнарымұнайгаз» басқармасында ұңғыларды жер асты жөндеу цехында бес жылдай еңбек етті. Содан ұңғыларды зерттеу цехына ауысып, 2014, 2015, 2016-жылдары «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауына қатысып, жүлделі I орындарға ие болды. Сол жылдары «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес мекемелері арасында да Ембінің намысын абыроймен қорғап, үш рет «Үздік маман» төсбелгісіне ие болды.

Бастаған істі соңына дейін жеткізуді өмірлік ұстанымы санайтын Ж.Аманов тәлімгерлік курстарына қатысып, халықаралық сертификатқа ие болды. Соған сәйкес, отандық кадрларды дайындауға үлес қосып, жас шәкірттерінің жұмысқа кіруіне ықпал етті. Болашақтарына жол ашты.

Бүгінде Жанар есімді жұбайымен 4 бала тәрбиелеп отырған Ж.Амановтың алға жоспары – кәсіби біліктілігін арттырып, қызметте алға ұмтылу. Өзінің негізгі кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын әріптесіміз кітап оқу ісін де ұмыт қалдырмайды. Әсіресе, тарихи кітаптарға басымдық беруде.

Кітапты көп оқудың бір ерекшелігі – онда кездесетін әдемі, әсерлі сөз түйірін, ұтымды тіркестерді, тарихи деректерді ойға сіңіріп, ой-өрісті кеңейтеді. Ойды жақсы жеткізуге тәрбиелейді. Бұл – үлкен өнер. Бұл жағынан келгенде мұнайшы - ақын Жұмабай Амановтан үйренетін іс көп.

(Жұмабай Амановтың қаламынан туындаған өлеңдерді газетіміздің 8-бетінен оқи аласыздар – ред.)





# «Әр қазақтың ұлы болам...»

Бүгінгі айдарымызда  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ  
Б.Жоламанов кен орнының  
мұнай және газ өндіру операторы  
Жұмабай АМАНОВТЫҢ өлеңдерін  
назарларыңызға ұсынып отырмыз.

## Өзім Жайлы

Түнжыраған түнгі аспан төбедегі,  
Сөгесің бе қосылып сен де мені?  
Әлде мені есіркеп жұбатарсың,  
Тындап көріп жырымды көмбедегі.

Жұлдыз біткен жарыса жымнасқан,  
Естігісі келе ме мұнымды асқан?  
Айдай сұлу Ай шіркін қылмындайды,  
Сыр тапқандай жырымнан өңі қашқан.

Таңым да атар рауандап күншығыстан,  
Жадыратып жанымды қынжылыстан.  
Күннің нұры аймалап маңдайымнан,  
Баспа дейді қадамыңды жаңылысқан.

Жырға қосып айттым мен Күн мен Айды,  
Айтпасам да сыр шашып болған жайды.  
Өлеңдерім өріліп өзегімнен,  
Салмаса екен басыма енді қайғы.

Сыныптастар, қатарым, құрдастарым  
Өмір жолын өздеріңмен бір бастадым.  
Кейде осылай жазылған өлеңімді,  
Ортаңа талқыға әкеліп мен тастадым.

Мендағы әр Қазақтың ұлы болам,  
Бабалардың артта қалған ізі болам.  
Баршана ұнауым да мүмкін емес,  
Бір АЛЛАһ-тың бас иген құлы болам.



## Туған Жер

Туған жер, топырағың қасиетті,  
Талай жан бір өзіңе бас иіпті.  
Әр тасың, жүрген жерім маған таныс,  
Арналған осы жырым ақ ниетті.

Өзіңнен жырақ кетсем сағынамын,  
Жүрегіме мұң сағыныш тағынамын.  
Әркімге туған жері Мысыр шаһар  
Табиғаттың заңдылығына бағынамын.

Кетсек те түлеп ұшып шартарапқа,  
Жүрсек те жұмыс жасап әр тарапта.  
Туған жер, мен өзіңмен мақтанамын,  
Жар салып жыр шашайын бар тарапқа.

Оқыппыз бір мектептің партасында,  
Бірге өсіппіз бала думан ортасында.  
Ауылым Мұқыр болып бекітілген,  
Дүниежүзілік атлас картасында.

## Бақыт деген не?

Өмір деген – бірде шаттық, бірде мұң,  
Кезек келер, бірде жарық, бірде түн.  
Бұл жалғанда бір қалыпты тұрмаған  
Кездеседі бірде адал, бірде сұм.

Бақыт деген, дүние ме іздеген,  
Дүние үшін жерің жоқ қой кезбеген.  
Дүние-мүлік опа бермес түбінде  
Ағайын бар, бірін-бірі көрмеген.

Бақыт сені, сабылып көп іздеген,  
Байлықпысың, еріп кетер мұзбенен.  
Кейбір жүрек тасқа айналды осылай,  
Адамшылық еш мейірім сезбеген.

Сұм жалғанның тұзағына көп түстік,  
Арасында көп сөйледік, көп бөстік.  
Бақыт деген, біле білсем, бауырлар,  
Уайымсыз жүректегі тыныштық.



## Өмір-өлең

Өзіңе аян, өзің куә тұнық түн,  
Жергігімді осы ауылда жуыппын.  
Қоңыр күздің аяғында жабырқау  
Шарана боп бұл дүниеде туыппын.

Содан болар көңіл-күйім қоңырлау,  
Маңдайымнан тағдыр мені сан ұрды-ау.  
Бозінгендей боздап кетсе жырларым,  
Тағатымды төзімімнен тандырды-ау.

Жабырқаулы жаным менің жүдесе,  
Өлең жаздым жүрегіммен үндесе.  
Өлең, шіркін, шипасы ғой жаныңның  
Кеселдерді емдей салар дендесе.

Жалын атар жырға толы от жүрек,  
Ой келеді кей кездері тым ерек.  
Жек көріп тұрып ұнатады екенсің,  
Түсінеді жандар, болмысы болса тым зерек.

70-те туып 50-ден асқан жандармыз,  
Біреуге арман, біреуге солған сандармыз.  
Өтпелі шақтар, өтпелі кезең шаршатты,  
Білдірмей жүрген өзімізше пандармыз.



## Жан шуағы

Түнгі аспанды бақыладым мен ұзақ,  
Жұлдыз біткен бара жатыр тым ұзап.  
Іздесем де мін таба алмай жанарым,  
Шаршағаннан қайтып келді мұң тұсап.

Айтылса да жүректегі сыр ғажап,  
Айтылмапты бізге қарай нұр мадақ.  
Ой-өресі жетпей жүрген жандардан,  
Атымасын бізге қарай сын садақ.

Көктем еді, келді, міне, жаз жетіп,  
Сөздерім де қатқылданды наз кетіп.  
Биік таудың түсіп келем басынан,  
Дидарымның сыны қалды сыр кетіп.

Көрмесекте неше түрлі мың азап,  
Сансыз ойлар кейде кетер тым қажап.  
Заманында бар әлемді билеген,  
Қазақ атты ұлттан болам тым ғажап.

Қазағымның жарқын жүзі бәрі алда,  
Еңбек еттік, аянбадық сол жолда.  
Келер күннен күтіп жүрміз жақсылық,  
Қолдасыншы Мейірімді бір АЛЛА!

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік басқармасы

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің  
Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018  
жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов  
көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай  
аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.  
L.Suleimenova@emg.kmgp.kz  
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgp.kz  
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС  
Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,  
Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.  
Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс  
жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика  
және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және  
еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің  
директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік  
қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау  
департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің  
бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен  
байланыс жөніндегі менеджері.